

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН- АҚПАРАТҚА ЗАҢСЫЗ КІРУДІҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Заман талабына сай қоғамды информатизациялау өзімен бірге есептеуіш жүйелердің, телекоммуникация және байланыс құралдарының жаңа түрлерін, ақпаратты құпия түрде алу құралдарын қолданумен ұштасқан қылмыстардың жаңа түрлерін алып келді. Мамандардың бағалауы бойынша АҚШ-да осындай бір қылмыстың өзінен-ақ орта экономикалық шығын 450 мың долларды құрауы мүмкін¹. Осыған қарап, озық технологиялар көмегімен жасалатын қылмыстармен келтіретін шығынның елеулі екендігін байқауға болады.

Озық технологиялардың ішінде адамның «серігі» ретінде болып қалған ұялы телефондардың алатын орны зор. Мұндай «серіктердің» қылмыскерлердің тұсағына қылмыс заты ретінде ғана қала қоймай, қылмыс құралы болып та қалатын болды. Ұялы байланыс құралдары жеке адамның меншігі болғандықтан, сол меншікке қол сұғушылық үшін қылмыстық жауаптылық Қылмыстық кодексінің 175-бабында қарастырылған.

Алайда заңнама ұялы телефондарды ұрлау мен ұялы телефондармен қатысты тікелей қылмыстарды анық ажыратқан. Осының дәлелі ретінде 2007 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын, абоненттің сәйкестендіру құрылғысын сыйымсыз өзгерту, сондай-ақ абоненттік құрылғының сәйкестендіру кодын өзгерту үшін бағдарламаларды құқыққа сыйымсыз жасау, пайдалану, тарату» 227-1 бабымен толықтырылды². Аталған қылмыстың қоғамдық қауіптілігі, қоғамның экономикалық қызметіндегі ұялы байланыс құрылғысының озық технологиясының маңыздылығымен анықталады. Нәтижесінде жеке тұлғалар мен ұйымдарға елеулі залал келтіріледі.

Ұялы байланыс телефондарының ұрлау қылмысының деңгейін төмендету және оларды заңсыз пайдалану мүмкіндіктерінің жолын кесу мақсатында, көрсетілген құқықтық норма Қазақстан Республикасының Заңымен 2007 жылдың 8 қаңтарында қолданысқа енгізілген.

Қылмыстың объектісі ретінде өндірушінің меншік құқығымен байланысқан қоғамдық қатынастар, сонымен қатар, байланыстың қызмет көрсету аясындағы тұтынушыларының, байланыс саласында қызметті жүзеге асырып жүрген шаруашылық субъектілер мен өкілетті органдардың құқықтары мен заңды мүдделерін реттеу саласында пайда болатын қатынастар болып табылады. Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын, абоненттің сәйкестендіру құрылғысын сыйымсыз өзгерту, сондай-ақ абоненттік құрылғының сәйкестендіру кодын өзгерту үшін бағдарламаларды құқыққа сыйымсыз жасау, пайдалану, тарату өз кезегінде нөмірлеу ресурсын реттеу және ұялы байланыс нөмірлерін бөлу тәртібін бұзады, аталған байланыстың телефон нөмірлерін пайдалану құқығын алу тәртібіне қиратушылық ықпал етеді.

Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды ретінде, IMEI — International Mobile Equipment Identifier, аударылғанда «мобильдік құрылғының халықаралық идентификаторы» танылады. Басқаша, абоненттік құрылғының сәйкестендіру коды (IMEI) деп GSM форматындағы әр телефонның бірегей сериялық нөмірін ұсынатын 15 цифрдан тұратын сан болып табылады³. Бұл сан зауытта жасалу уақытында орнатылып, GSM желісінде құрылғының дәл және толық сәйкестенуіне қызмет атқарады.

Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды 2 жағдайда ғана сәйкестенбеуі мүмкін: не ол телефонның «қайта тігілуі» кезінде өзгерген, не корпустың толығымен ауысқан (ауысатын бөлшектері емес, нақты корпустың ауысуы) болса. Ұялы телефонның корпусын ауыстыру жаңа телефонның бағасымен тең деп тұжырымдауға болады.

Қылмыстық кодекстің 227-1 бабының 2-бөлімінің диспозициясы «ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын өзгертуге немесе ұялы байланыс абонентінің сәйкестендіру картасының телнұсқасын жасауға мүмкіндік беретін бағдарламаларды құқыққа сыйымсыз жасау, пайдалану, тарату...» альтернативті болып табылады. Себебі атал-

ған норма бойынша жауаптылық келесі әрекеттердің біреуін: 1 — сыйымсыз жасау; 2 — пайдалану; 3 — таратуынан-ақ басталады⁴.

Соңғы ұялы байланыс телефондары үшінші тұқымды смартфондар түрінде ұсынылған, яғни арнайы жасалынған бағдарламалық қамсыздандыру арқасында жұмыс істейтін мини компьютерлер (ЭЕМ) болып табылады. Сәйкесінше ақпараттың түрлерін, ЭЕМ желілерін озық технологиялардың көмегімен бұзу арқылы қол жеткізуге болады. Бұл өз кезегінде Қылмыстық Кодекстің 227— бабында қарастырылған қылмыс белгілерін қамтиды. Алайда, 227-бабының диспозициясында ЭЕМ болып келетін смартфондағы ақпаратқа заңсыз кіру, смартфондар үшін зиянды бағдарламалар жасау, пайдалану және тарату деген мағына көрсетілмеген. Зиянды бағдарламалардың смартфондарда пайда болуы сол смартфонның ішіндегі ақпаратты өзгерту, бекіту және жойып жіберуі мүмкін. Бұл өз кезегінде азаматтардың Конституциялық құқықтарын бұзуға әкеп соғады.

Жоғарыдағыны қорыта келе, біздің ұсынып отырған мақала, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 227-бабының диспозициясына сәйкесінше толықтыруларды енгізудің бастамасы болуы мүмкін.

1 Карпинский О. Защита информации, виртуальные частные сети.

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 1997. //www.zakon.kz

3 Появление новых средств телефонной связи, www.mobile.com

4 Когамов М. Ч. / Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. — Алматы, 2008. — С. 888.